

Жұмыссыздық және халықты жұмыспен қамту

Дайындаған: Альжанова Алина
Асқар Гауһар
Мақсатова Ақмарал



Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Экономикалық әдебиеттерде кез келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты:



Фрикциялық жұмыссыздық – қызметкерлердің жұмыс орнын ерікті түрде ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс.



Құрылымдық жұмыссыздық – елдегі тұтыну тауарларына сұранымның құрылымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс.



Циклдік жұмыссыздық – елдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жиынтық сұранымның күрт азаюы салдарынан болатын құбылыс. Осы себептен оны кейде сұранымның тапшылығына байланысты жұмыссыздық деп те атайды.



Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, мысалы, АҚШ-та, еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы жұмыссыздық мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Фрикциялық және құрылымдық жұмыссыздық болмай қоймайды деп есептеледі. Демек, елдегі тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы – ол елде циклдік жұмыссыздықтың жоқтығын білдіреді. Жұмыспен толық қамтылу кезіндегі жұмыссыздық деңгейі оның табиғи деңгейі болып саналады.



- Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы аясында биылғы 2012 жылы 4 –ші бағыт бойынша қосымша сұралған қаражатты қоса есептегенде барлық сома 2 млрд. 819 млн. 264 мың теңгені құрады. Қамтылатын қатысушылар саны – 4632 адам. Оның ішінде: бірінші бағыт бойынша 3993 адамға – 1 млрд. 157,3 млн. теңге қаралып отыр, оның ішінде 2622 адам кәсіптік даярлаудан өтіп, 415 адам әлеуметтік жұмыс орындарына және 956 адам жастар практикасына жолданады; екінші бағыт бойынша 259 адамға микрокредит беру жоспаралнып, олардың ішінде 159-ы кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, 129 несие алушылардың жетіспейтін инженерлік инфрақұрылымдары дамытылады, осы мақсаттарға барлығы 706,2 млн.теңге қаралып отыр; бағдарламаның 3-ші бағытын алдағы жылдары іске асыру үшін бекітілген критерийлерге сәйкес 6 аудан бойынша экономикалық әлеуеті төмен 32 елді мекендердің тізімі анықталып (Мойынқұмда – 11, Сарысуда – 13, Талас ауданында 4, Меркі – 2, Қордай -1, Т.Рысқұлов ауданында 1 елді мекен), ол ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігімен келісілді.



● Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының «Ауылдық елді мекендерді дамыту» атты жаңа төртінші бағыты бойынша 2012 жылы облысымызға ауылдық елді мекендердің инженерлік-коммуникациялық, әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және оларды көріктендіруге облыстағы экономикалық белсенді халық санына сәйкес 759,3 млн.теңге бөлініп, 68 нысан тізімі белгіленіп, осы саладағы жұмыстарды атқаруға 600-ден аса адамды жұмысқа тарту көзделіп отыр.

Бұл бағыт 2009-2010 жылдары іске асырылған Жол картасы бағдарламасы сияқты төмендегідей салаларда жүзеге асады: коммуналдық-инженерлік нысандарды, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды жаңғырту, күрделі, орта және ағымды жөндеуден өткізу; әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, күрделі және ағымды жөндеуден өткізу; абаттандыру.



- Ағымдағы жылдың алғашқы 2 айында Жұмыспен қамту орталықтарынан 688 адам бағдарламаға қатысу бойынша кеңес алып, оның ішінде 465-і өтініш берсе, олардың 396-сы бойынша Бағдарламаға қатысушы ретінде шешім қабылданып, олармен әлеуметтік келісім-шарт жасалынды.





- Жалпы алғанда, осы бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесінде 2011-2014 жылдары облыста барлығы 8 млрд. 728 млн. теңге қаражатқа 10235 адам қамтылатын болады. Соған сәйкес 2015 жылға жұмыссыздық деңгейі 5,5 пайыздан аспайтын болады, жалпы халық санына шаққандағы табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 5,1 пайызға дейін төмендесе, жұмыспен қамтылғандарға шаққандағы өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың үлесі 3,6 пайызға төмендейді. Жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыру есебінен еңбек өнімділігінің қосымша өсімі 23 % құрайтын болады.



1 ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРАТЫН
ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ

2 ЖЕКЕ ІСІН АШУ ЖӘНЕ ДАМУ,
МИКРОКРЕДИТ АЛУ

3 ОҚУДЫ АЯҚТАҒАННАН КЕЙІН
ЖӘНЕ ЕРІКТІ ТҮРДЕ
ҚОНЫС АУДАРҒАН ЖАҒДАЙДА



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ 2020 ЖОЛ КАРТАСЫ



халықты жұмыспен қамту /2011-2015/

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ КЕЗІНДЕ



658
мыңнан
астам адам



**ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ
ОРГАНДАРЫНА
ШАҒЫМДАНҒАН**



597 мыңнан
АСТАМ
АЗАМАТ ҚАМТЫЛҒАН



оның
ішінде

353 мың ЖҰМЫССЫЗДАР
226 мың ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН
ҚАМТЫҒАНДАР



299 мың
ЖАСТАР
ҚАМТЫЛҒАН



291 мың
ӘЙЕЛ
ҚАМТЫЛҒАН



615 мыңнан
АСТАМ АДАМ
ЖҰМЫСҚА
ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН



452 мың адам
163 мың адам

ТҰРАҚТЫ
ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫНА
УАҚЫТША
ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫНА

123 мың
АДАМ
КӘСІБИ ОҚУҒА
ЖІБЕРІЛДІ

97 мың адам
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫНА
ЖҰМЫСҚА
ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ

76 мың
АДАМ
ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫНА
ЖІБЕРІЛДІ

